

ФЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІЦ ПІКІРІ

Сарыбаев Іктияр Уалибековичтің 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынған «Сиырларды LHCGR, FSHR локустары бойынша генотиптеу және зерттеу генінің экспрессиясына байланысты овуляция деңгейін анықтау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

Докторант Сарыбаев Іктияр Уалибековичтің орындаған тақырыбының өзектілігі күмән тудырмайды, себебі асыл тұқымды, жоғары өнімді мал шаруашылығын дамыту қазіргі уакытта әлемде және біздің елде қарқынды жүргізіліп келе жатқан рентабельдігі жоғары және жылдам дамитын, ауыл шаруашылығының алдынғы қатарындағы бір сала.

Біздің елімізде сиырлардың бедеу қалуының басты себептерінің бірі аналық жыныс безде кездесетін патологиялар. Асыл тұқымды сиырлардың арасында аналық жыныс безінің күлдіреуігі гинекологиялық аурулардың басым белігін құрайды.

Көптеген отандық ғалымдар асыл тұқымды сиырлардың аналық жыныс бездеріндегі овуляция процесін ультрадыбыстық зерттеу және қандағы ФСГ, ЛГ және эстрогендік гормондарды талдау нәтижесінде мәліметтер келтіріліп, ғылыми тұрғыдан талқылаған. Нәтижесінде: жұмыртқалықта сары дененің пайда болуы және фолликулдардың өсуі динамикасы кезінде ФСГ, ЛГ гормондарының маңызы зерттеліп, басқа да жыныс жүйесіндегі патологиялық өзгерістерді дер кезінде анықтап, экономикалық шығынды барынша азайтуға мүмкіндік береді. Қалыптасып қалған патологиялық өзгерістерді қайта тексеру тек уақытты босқа кетірумен қатар ауруды асқындырып жіберуге жағдай туғызады.

Алайда біздің жүргізіп отырған қазіргі кездегі заманауи зерттеу жұмыстарымыз еліміздегі асыл тұқымды және жоғары өнімді, ауруға тәзімді мал тұқымын көбейтуде септігін тигізері сезсіз.

Бүгінгі таңда елімізде асыл тұқымды мал санының артуына байланысты, мал мамандарына алдында алынатын тәлдің саны емес сапасына мән беру басты міндет болып тұр.

Осы тұрғыдан алғанда көптеген шаруашылықтардағы аналық малдың жыныс мүшелерінде кездесетін түрлі патологиялар сиырлардың тұрақты төл беру көрсеткішіне кедергі жасауда.

Нәтижесінде Республикамыздағы бір қатар малшаруашылығы есептегі аналықтың 20-30% төл бермей қалады. Бұндай жағдай көбінесе сүт өндіретін шаруашылықтарда жиі кездеседі, өйткені өнімді көбейту үшін технологиялық процесстер бұзылып жатады, сонымен қатар аналық мал дер кезінде суалтылмай қалып, ұзақ уақыт ұрықтанбай қалады.

Бұл мәселелерді шешуде, молекулярлық генетикалық зерттеудін маңызы өте зор. Осы жағдайларды ескере отырып, докторант Сарыбаев Іктияр Уалибекович Алматы облысы «Байсерке-Агро» шаруашылығында асыл тұқымды голштин сүтті сиырларының қанын алып, хлороформ әдісімен ДНК бөлініп, полимеразды тізбекті реакция әдісімен зерттеулер жүргізіп, дәлелдеген.

Атап айтатын болсақ, докторант Алматы облысы «Байсерке-Агро» шаруашылығында сиырлардың жыныстық циклінің дұрыс өтуіне және ұрықтануымен төлдеуіне, сонымен қатар өнімділіктің жоғарылауына бұл жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысының маңызды екенін дәлелдеп отыр.

Докторант І.У. Сарыбаев диссертация жұмысының тақырыбы бойынша, зерттеу тобындағы сиырларға LHCGR, FSHR локустары бойынша генотиптеу жүргізіп, алынған нәтижеге байланысты овуляция деңгейін анықтау үшін инновациялық тәсілдерді қолдана отырып, өзінің кәсіби біліктілігін Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Акушерлік, хирургия және өсіп-өну биотехнологиясы» кафедрасында, Түркіядағы Ататурк университетінің «Генетика және эмбриология» кафедрасында жоғарылатты. Алматы облысы «Байсерке-Агро» шаруашылығында және Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында зерттеу нәтижелерін растиады.

Докторлық диссертацияның практикалық маңызы. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері бойынша гонадтропты гармондардың бөлінуіне әсер ететін LHCGR, FSHR гендерінің алатын орны, өзгеру динамикасы және оның репродуктивтік қызметтегі маңызы сипатталып нақтыланды және осы уакытқа дейінгі белгілі болған мәліметтер қорын толықтырады.

Ұсынылған LHCGR, FSHR локустары бойынша сиырларды генотиптеу нәтижелері аталған ген аллелдерінің репродуктивтік қызметке әсері олардың буаздық кезіндегі физиологиялық белсенделілігі сиырлардың жыныстық циклінің дұрыс өтуіне және ұрықтануымен төлдеуіне, сонымен қатар өнімділіктің жоғарылауына мүмкіндік береді.

Алынған мәліметтер ветеринария мамандықтары бойынша оқитын студенттер, магистранттар және докторанттар үшін оку процесіне қолданылады.

Докторлық диссертацияға қойылатын талаптар шенберіндегі ғылыми нәтижелер. Докторлық диссертацияны докторант ғылыми жетекшінің басшылығымен бекітілген жеке жұмыс жоспарына сәйкес орындалады.

Докторанттың алған ғылыми зерттеулер нәтижесі бойынша: 2018-2021 жылдар арасында Алматы облысы «Байсерке-Агро» шаруашылығында сиырларда овуляция кезінде ФСГ және ЛГ гормондарының сандық көрсеткіштері деңгейлері туралы алынған нәтижелер «Байсерке-Агро» сүт шаруашылығында репродуктивтік қызметтің жоғарылату нобайларын құрастыру барысында қолданылады.

Орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелері бойынша Алматы қаласындағы Қазақ ҰАЗУ-ті Ізденістер, нәтижелер – Исследования, результаты. № 04 (084) 2019. ISSN 2304-3334-04 журналында 81-87 бетте шықты.

Докторант сүйенетін негізгі ғылыми- әдістемелік ережелер. Докторант өз диссертациясында, теориялық, әдістемелік, генотиптеу бойынша эксперименттік зерттеу әдісі, диагностикалаудың молекулярлық- генетикалық әдістерін пайдаланды.

Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі барысында зертханалық зерттеулермен расталды, себебі арнайы құрылғылар көмегімен ДНК сапасы, концентрациясы және генотиптері анықталып, полимеразды тізбекті реакция әдісімен зерттеулер жүргізіліп, зерттеулердің нәтижесін растиған.

Докторанттың алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі. Диссертацияның кіріспе бөлімінде такырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаты, міндеттері, зерттеу объектілері, қыскаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелер көрсетілген. Диссертациялық жұмыс бойынша апробация берілген және тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған.

Өзіндік зерттеу бөлімдерінде сиырларда гонадтропты гармондардың белінуі, әсер етуі және таралуы және гармондардың белінуіне әсер ететін LHCGR, FSHR гендерінің алатын орны, оның репродуктивтік қызметтегі маңызы тараулар бойынша толық қорытындылар жасалған.

Сонымен қатар LHCGR, FSHR гендерінің экспрессиясы және олардың буаздық кезіндегі физиологиялық белсенделілігін зерттеу нәтижелері көрсетілді.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұгастығы. Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 6 ғылыми жұмыс жарияланды: оның ішінде халықаралық информаялық ресурстарға енетін ғылыми басылымдарда- 2 мақала; 1- («Open Veterinary Journal» Q2, процентиль 52); 2-(«Scientific Horizons Journal» Q3, процентиль 28); КР Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің талабы бойынша басылымдарда - 3 мақала; халықаралық конференция журналдарында - 1 мақала.

Докторанттардың жеке үлесі. Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орынданап, аяқтаған ғылыми - зерттеу жұмысы болып табылады және PhD докторы дережесін алу үшін диссертациялар жөніндегі комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі қасиеттері, зерттеу әдістері бойынша жинақталған тәжірибе. Диссертациялық жұмыстың нәтижесінде докторанттың ғылыми қызметкер ретіндегі сапасы айтарлықтай артты. Алынған ғылыми зерттеу тәжірибесі докторантқа қолданбалы зерттеулерді одан әрі жоғары деңгейде жүргізуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ғылым жолында жасаған жұмысы бойынша зерттеулер мен сараптамаларды жасауда тәжірибесінің мол екендігін байқатып, ғылыми зерттеуінде көрсете білді.

Корытынды. Докторант Сарыбаев Ыктияр Уалибековичтің диссертациясы автордын өз бетінше орындалған, толық аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады және докторант, философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін КР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және білім саласындағы сапаны қамтамассыз ету комитетінің диссертациясына қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Диссертациялық жұмыс нәтижелері шаруашылықтарда, оқу процесінде, инновациялық жобаларға енгізуге болады.

Жоғарыда айтылғандардын негізінде Сарыбаев Ыктияр Уалибековичтің «Сиырларды LHCGR, FSHR локустары бойынша генотиптеу және зерттеу генінің экспрессиясына байланысты овуляция деңгейін анықтау» тақырыбында дайындаған диссертациясы қойылған талаптарға сай орындалған және докторант 6D120100 - «Ветеринариялық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
б.ғ.к., профессор

О.Т.Туребеков

Пікір беруші, б.ғ.к., профессор

О.Т.Туребековтің қолын раставмын,
Бас ғылыми хатшы:



У.Керимова